

## 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы

**Жобаның атауы:** Келес өңірінде орналасқан ежелгі Күлтөбе қалашығында археологиялық және пәнаралық зерттеулер жүргізу

**ЖТН:** AP19678134

**Жобаның жалпы қаржысы:** 70 504 115.8 тг

**Жоба жетекшісі:** Б.С.Сиздиқов

**Тақырыптың өзектілігі:** Кәзіргі таңда Келес өзені арнасының жылжуына байланысты Күлтөбе қалашығының цитаделі бұзылуда. Ескерткіштің бір бөлігін өзен шайып, тарихи-мәдени мұрамыз жойылуда. Жайық, Сырдария өзендері бойындағы Сарайшық, Сортөбе ескеркіштері секілді табиғат салдардан бұзылу қаупі бар Күлтөбе қалашығында зерттеулерді қолға алып, тарихи-мәдени мұрамыз сақтап, келешек ұрпаққа аманат етіп қалдыруымыз бүгінгі күннің басты мәселелердің бірі болып табылады.

Жобаны іске асыру барысында Күлтөбе қалашығын табиғи апаттан сақтап, Келес өңіріндегі қалалық мәдениеттің қалыптасу кезеңін анықтауға, қала халқының материалдық және рухани мәдениетін нақтылауға мүмкіндік береді. Жоба табысты іске асырылған жағдайда Қазақстан археологиясының дамуына, тарихта ортақ шешімін таппаған мәселелерінің шешілуіне, ұлттық мәдениетімізбен ұлттық санамыздың одан әрі дамуына үлес қосады. Бұл "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру", бағдарламасында көрініс тапқан - қазақ халқының объективті тарихын жазудағы басты міндеттердің бірі.

Жоба аясында атқарылатын жұмыстар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары үшін өзекті, себебі Қазақстан археологиясы мәселелерінің теориялық және практикалық әзірлемелерін әрі қарай дамыту үшін, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының мұрасын қайта жаңартуға жол ашатын жаңа деректер алынады.

**Тақырыптың мақсаты:** Ежелгі Күлтөбе қалашығының қалыптасу, даму және құлдырау кезеңдерін, мәдени қабаттарын, жасын, қорғаныс жүйесін және тұрғын үй кешендердің жоспарын анықтау, өңірдегі байырғы тұрғындардың шаруашылығының түрлерін нақтылау мақсатында зерттеу жүргізу. Келес өңіріндегі ежелгі қалалық мәдениеттің қалыптасу кезеңі жайында құнды деректер жинақтап, ғылыми айналымға енгізу және ежелгі қала тарихын дәріптеу.

**Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:** Қалашықтың тарихи топографиясы, орналасуы, ежелге суландыру жүйелері мен егістік алқаптары, қорғаныс жүйесі, қалашықтың құрлымы жайында жаңа деректер алынады. Ежелгі Күлтөбе қалашығының мәдени қабаттары, жасы, қалыптасу, даму және құлдырау кезеңдері, қорғаныс жүйесінің және тұрғын үй кешендердің жоспары, қалашықтың құрылысы мен функцияналдық ерекшеліктері туралы жаңа деректер алу. Тұрғын үй кешендерінің, фортификация жүйесінің планиграфиясы туралы жаңа деректер алынады, бұл ежелгі қалалық орталықтардың ерекшеліктері жайлы түсінігімізді айтарлықтай кеңейтеді. Кезеңдер бойынша қала халқының шаруашылығының түрлері, қолға үйреткен және аңшылық барысында аулаған жанура түрлері анықталатын болады. Күлтөбе қалашығының Келес өңіріндегі қалалық мәдениеттің қалыптасуындағы маңызы мен рөлі анықталады және оның мемлекетіміздің тарихи қалыптасуына қосқан үлесі туралы жаңа деректер алынатын болады.

### Зерттеу тобының мүшелері:

№	Аты-жөні	Scopus Author ID	Researcher ID	ORCID	Жобадағы қызметі
1	Сиздиқов Багдаулет Сапарбайевич, PhD, доцент	57210560635	GZM-0163-2022	ORCID 0000-0001-8115-5810	Жоба жетекшісі

2	Кожа Мухтар Баһадырұлы, т.ғ.д.	56258049100		ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-0131-1591">https://orcid.org/0000-0003-0131-1591</a>	Жетекші ғылыми қызметкер
3	Гурсой Музаффер, PhD, доцент	57221107944	GZL- 9997-2022	ORCID 0000- 0003-1042- 5697	Жетекші ғылыми қызметкер
4	Жетібаев Көпжасар Мұстафаұлы, т.ғ.к., профессор	55927576900			Жетекші ғылыми қызметкер
5	Бахтыбаев Мэлс Маратович, PhD доктор	56258332300			Аға ғылыми қызметкер
6	Мургабаев Сагынбай Серикбаевич, магистр, PhD доктор	56658749100			Аға ғылыми қызметкер
7	Сералиев Али Алимбекович, PhD докторант	58103055400		ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-0131-1591">https://orcid.org/0000-0003-0131-1591</a>	Аға ғылыми қызметкер
8	Малдыбекова Лаззат Джумагуловна	56658736600		ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-7154-4350">https://orcid.org/0000-0002-7154-4350</a>	Аға ғылыми қызметкер
9	Амантуров Маралбек Касымбекович			ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-1781-1155">https://orcid.org/0000-0002-1781-1155</a>	Аға ғылыми қызметкер
10	Базарбаев Канат Калдыбекович, PhD, доцент	55330051100			Аға ғылыми қызметкер
11	Байтанаев Бауыржан Абишевич, т.ғ.д., академик	57205562975		<a href="https://orcid.org/0000-0002-2013-0473">https://orcid.org/0000-0002-2013-0473</a>	Аға ғылыми қызметкер
12	Абдурахманова Эъза Айбекқызы, магистрант				Аға ғылыми қызметкер

### 2023/2024 жылғы күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланған жұмыстардың тізімі

1. Сиздиков Б.С., Қожа М.Б., Сералиев А.А. Келес өңіріндегі ежелгі Күлтөбе қалашығының топографиялық құрылымы // Абай Атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті Хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, № 3(78), 2023. 192-201 бб.